

Ерейментау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 қазандағы №5С-41/5-15 "Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметіне жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 5С-45/3-16 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ерейментау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 қазандағы №5С-41/5-15 "Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметіне жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5051 болып тіркелген, "Ерейментау" аудандық газетінде 2015 жылғы 25 қарашасында, "Ереймен" аудандық газетінде 2015 жылғы 25 қарашасында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

*Сессия төрағасы,
Ерейментау аудандық
мәслихатының хатшысы*

Қ.Махметов